

FTAMP 16.01.11

<https://doi.org/10.26577/EJPh202520042>**Ә.Қ. Ебелекбаева^{1*}, Г.Ш. Акимбекова¹, Г.Ә. Садыр²**¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан²Алматы менеджмент университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: aika-0206@mail.ru

ТІЛДЕГІ БЕЛСЕНДІ ҮДЕРІСТЕР: ҚОСТІЛДІ ҚОҒАМДА ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КОД АУЫСТЫРУДЫҢ РӨЛІ

Мақалада тілдік код ауыстыру (code-switching) құбылысы қазіргі қоғамның көптілді кеңістігіндегі өзекті лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырылады. Авторлар код ауыстыруды тек грамматикалық немесе фонетикалық құбылыс емес, сонымен қатар коммуникативтік стратегия мен мәдени сәйкестік көрсеткіші ретінде сипаттайды. Зерттеуде тілдердің өзара ықпалы мен қарым-қатынастағы функционалдық рөлдері талданып, код ауыстырудың типтері мен түрлері теориялық тұрғыда сарапталады.

Зерттеу жұмысында код ауыстыруды түсіндіруде К. Майерс-Скоттонның «матрицалық тіл фреймі» моделі, П. Майскеннің код ауыстыру типологиясы және Дж. Гамперц пен Ж.-П. Блумның метафоралық және жағдаяттық код ауысу теориялары басшылыққа алынған. Зерттеуде көптілді қоғамдағы тұлғаның тілдік мінез-құлқы мен сөйлеу динамикасына ерекше назар аударылады. Қазақ және орыс тілдерінің қатар қолданылуының әлеуметтік негіздері, сонымен бірге ағылшын тілінің қазіргі жастар арасындағы ықпалы қарастырылады. Авторлар код ауыстырудың себептерін тілдік жағдайдың ерекшелігімен, әлеуметтік мәртебемен және мәдени бейімделу процестерімен байланыстырады. Бұл құбылыс тұлғаның коммуникативтік бейімделуін, тілдік икемділігін және мәдени көпқабаттылығын көрсететін табиғи процесс ретінде бағаланады.

Сонымен қатар тілдердің өзара әсері мен аралас қолданылуының ұлттық бірегейлік пен әлеуметтік интеграция үдерісіндегі маңызы айқындалады. Зерттеу нәтижесінде тілдік кеңістіктегі код ауыстыру құбылысы тілдердің функционалдық өзара байланысын көрсететін және әлеуметтік-коммуникативтік бейімделуді жүзеге асыратын маңызды механизм ретінде танылады.

Түйін сөздер: код ауыстыру, тілдегі белсенді үдерістер, сөз этикеті, тіл мәдениеті.

A.K. Yebelekbaeva^{1*}, G.Sh. Akimbekova¹, G.A. Sadyr²¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan²Almaty Management University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: aika-0206@mail.ru

Active processes in the language: the role of code switching in the formation of a language culture in a bilingual society

The article examines the phenomenon of linguistic code-switching as an actual linguistic and socio-cultural phenomenon in the multilingual space of modern society. The authors define code switching not only as a grammatical or phonetic phenomenon, but also as a communicative strategy reflecting the cultural identity of the speaker. The paper analyzes the mutual influence of languages, their functional roles in the communication process, as well as the types of code switching in the theoretical aspect.

In interpreting this phenomenon, the study uses such models as the “matrix language frame” by K. Myers-Scotton, the typology of code switching by P. Muysken, as well as the theories of metaphorical and situational code switching by J. Gamperz and J.-P. Bloom. Special attention is paid to the linguistic behavior of the individual and the dynamics of speech in a multilingual society. The social foundations of the parallel functioning of the Kazakh and Russian languages, as well as the influence of the English language among young people, are considered. The authors attribute the reasons for switching codes to the peculiarities of the language situation, social status, and cultural adaptation processes. This phenomenon is interpreted as a natural process reflecting the communicative adaptation of personality, linguistic flexibility and cultural diversity.

In addition, the importance of interaction and mixing of languages in the process of national identity formation and social integration is emphasized. As a result of the study, code switching in the linguistic space is considered as an important mechanism demonstrating the functional interaction of languages and ensuring the implementation of socio-communicative adaptation in modern society.

Ә.Қ. Ебелекбаева^{1*}, Г.Ш. Акимбекова¹, Г.Ә. Садыр²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Алматинский университет менеджмента, Алматы, Казахстан

*e-mail: aika-0206@mail.ru

Активные процессы в языке: роль переключения кодов в формировании языковой культуры в билингвальном обществе

В статье рассматривается феномен языкового переключения кодов (code-switching) как актуальное лингвистическое и социокультурное явление в многоязычном пространстве современного общества. Авторы определяют переключение кодов не только как грамматическое или фонетическое явление, но и как коммуникативную стратегию, отражающую культурную идентичность говорящего. В работе анализируется взаимное влияние языков, их функциональные роли в процессе коммуникации, а также типы и виды переключения кодов в теоретическом аспекте.

При интерпретации данного явления в исследовании использованы такие модели, как «матрицевая языковая рамка» К. Майерс-Скоттона, типология переключения кодов П. Майскена, а также теории метафорического и ситуационного переключения кодов Дж. Гамперца и Ж.-П. Блума. Особое внимание уделяется языковому поведению личности и динамике речи в условиях многоязычного общества. Рассматриваются социальные основания параллельного функционирования казахского и русского языков, а также влияние английского языка в молодежной среде. Авторы связывают причины переключения кодов с особенностями языковой ситуации, социальным статусом и процессами культурной адаптации. Это явление трактуется как естественный процесс, отражающий коммуникативную адаптацию личности, языковую гибкость и культурную многослойность.

Кроме того, подчеркивается значение взаимодействия и смешения языков в процессе формирования национальной идентичности и социальной интеграции. В результате исследования кодовое переключение в языковом пространстве рассматривается как важный механизм, демонстрирующий функциональное взаимодействие языков и обеспечивающий реализацию социально-коммуникативной адаптации в современном обществе.

Ключевые слова: переключение кодов, активные процессы в языке, словесный этикет, языковая культура.

Кіріспе

Адам өмір бойына белгілі бір деңгейде екі немесе одан да көп тілдік жүйелерді меңгеріп, нақты жағдаяттың талаптарына қарай әрқайсысын пайдалана алады (Вайнрайх, 1972: 25-26). Осыған байланысты ғалым ғылыми кеңістікке «код ауыстыру» ұғымын енгізген болатын. Содан бері аталған термин зерттеліп отырған тілдерге байланысты түрліше интерпретацияланады.

Автордың айтуынша код ауыстыру – бір сөйлем ішінде түрлі өзгерістер орын алатын, бірақ өзгеріссіз сөйлеу жағдайында бір тілден екіншісіне ұтымды ауысу (Вайнрайх, 2000: 22). Сондай-ақ «билингвтер бір тілде ойын толық жеткізе алмайтындықтан код ауыстыруға өте жиі жүгінеді» деген де пікір бар.

Л. Вей: «белгілі бір дәрежеде бұл өте әділ пікір, себебі сөйлеуші күнделікті қарым-қатынаста қолданатын тілдерді таңдау барысында әп сәтте шатасуы мүмкін», – деп есептейді. Дегенмен код ауыстыру екі тілді қоғамдарда жиі кездесетін құбылыс және әртүрлі формада келуі мүмкін. Қостілді адамның сөйлеуі екі тілдің де сөйлеу сегменттерінің көрінісі бола алады. Сөйлем бір тілде басталып, екіншісінде аяқталуы

мүмкін, ал сөздер мен сөйлемдер бір-бірінің орын еркін ауыстырады. Мұндай код ауыстыру формаларының әр алуандығы лингвистерді XX ғасырдың 50-ші жылдарынан бері қызықтырып келеді (Wei, 2000: 13-17).

К. Скоттон және В. Урий (1977) бір сөйлемде және өзгермейтін сөйлеу жағдаяты аясында орын алатын «идеалды емес» код алмасудың бар екенін айтады. Г.Н. Чиршева код алмастыруды билингвтердің коммуникацияның екі тілді типіне сәтті қатыса алатын спецификалық қабілеті деп есептейді және сөйлеуші код алмастыру уақытында тілді экстралингвистикалық факторларға қатысты таңдайтынын айтқан. Билингв өзінің сөйлеуінде әр тілдің өзінің грамматикалық нормаларын бұзбастан екі тілдің де бірліктерін байланыстыра алады (2001: 29).

Жоғарыда айтылған пікірлерді назарға ала отырып, код алмастыру үш түрлі деңгейде зерттеле бастады: сөз деңгейінде (лексикалық), сөз тіркесі деңгейінде (бір сөйлемнің аясында), мәтін деңгейінде (сөйлем аясынан тыс). Кейбір зерттеулерде авторлар (Myers-Scotton, 1995; Thomason, 2001; Wardhaugh, 1998) сөйлем ішіндегі код алмасуды (интрасентенциалды) сөздер мен сөз тіркестері деңгейінде және сөйлемдер

тоғысында (интерсентенциалды) мәтін деңгейінде қарастырады.

Код ауыстыруды классификациялаудың ішінде ең ерекшесі П. Майскен ұсынған нұсқа. Ол код

ауыстырудың үш түрлі вариациясын көрсетеді: кірме элементтер (insertion), код ауысу (alternation), конгруентті, яғни сәйкес лексикаландыру (congruent lexicalization) (Muysken, 2003: 678).

1-кесте – П. Майскен бойынша код ауыстырудың зерттелу үлгісі

Қыстырмалар	Код ауысу	Конгруентті лексикаландыру
Кірме элементтердің грамматикалық құрылымдары мен кірме сөздер	Сөз тіркесі немесе сөйлем деңгейінде әр тілдің грамматикалық ережелері сақтала отырып жасалған код ауысу	Код араластыру (кодовое смешение). Екі тілдің элементтерін бір грамматикалық құрылымның ішінде қатар қолдану

Код ауыстыру мен код араластыру бір-бірімен өте тығыз байланысты. Бұл бір тілден екінші тілге алдын-ала жоспарсыз, тіпті, еріксіз ауысып отыру. Код араластыру қостілді адам жағдайды өзгертпестен екінші тілге ауысқанда орын алса, код ауыстыру сөз деңгейінде кодты ауыстырудың әралуандығы. Код ауыстыруда тілдік құрылымдық элементтер тілдік- әлеуметтік жағдаят туындатса, код алмасу кезінде екі тілде орын алатын лексика-грамматикалық қателіктер реттеледі.

Біз жұмысымызда код ауыстыру (переключение) мен код араластыруды (смешение) бірге қарастырып, аталған құбылысты сөз, сөз тіркесі және сөйлем деңгейінде зерттейміз. Себебі аталған екі құбылыс та қос тілді альтернативаның (алмасу) тек әртүрлі формаларын білдіреді. Олар екі бөлек тілдік жүйені бір уақытта белсендірудің ортақ психоллингвистикалық механизміне негізделген және ұқсас коммуникативті функцияларды (мағынаны нақтылау, эмоцияларды білдіру, әлеуметтік позициялау) орындайды.

Сөз деңгейінде код ауыстыру ең кең таралған формасы деп топшыласақ, оны лексикалық деңгейдегі интерференциямен оңай шатастырып алуға болады. Дегенмен аталған екі құбылыстың арасында айқын айырмашылық бар: интерференция код ауыстыру секілді бір тілдің екінші тілге алмастырылуын емес, бір тілдің грамматикалық, синтаксистік немесе фонетикалық формаларының екінші тіл есебінен өзгеріске ұшырауы. Сондай-ақ код ауыстыру қарым қатынас актісін жеңілдетсе, интерференция әртүрлі тілдегі нормалардың қарама-қайшы қолданысы негізінде көптеген түсінбеушіліктерге әкеліп соғуы мүмкін.

Код ауыстыруды кірме сөздерден ажырата білу де өте маңызды, өйткені бүгінгі таңда сөздік қоры шетелдік сөздермен байымаған тілдер жоқтың қасы. К. Майерс-Скоттон (1997) зерттеулерін ескере отырып аталған екі ұғымды бір-бірінен келесі ерекшелік белгілері арқылы ажыратамыз: 1) егер лексема кірме сөз болатын болса, екінші тілді білмейтін сөйлеушілердің арасында да қолданылатынын байқауға болады; 2) кірме сөздердің енуі – қарастырылып отырған тілдердің құрылымдық және саяси-әлеуметтік қатынастарына қатысты; 3) код ауыстыру мен араластыру кезінде сөйлеу коммуникация процесіне қатысады, ал кірме сөзде тілдік жүйелер байланысқа түсіп, тек номинативті және коммуникативті маңызы бар шетел текті бірліктерді қалыптастырады.

Сондай-ақ код ауыстыруды зерттеу барысында жіберуші мен қабылдаушының лингвоәлеуметтік рөлі мен коммуникативтік жағдаятты жан-жақты бағалау өте маңызды. П. Гарднер-Хлорос пен Б. Рэмpton ситуациялық және ауызекі сөйлеудегі код ауыстыруды бөлек қарастырады. Ситуациялық код ауыстыру аясында авторлар әңгімелесу тақырыбына, коммуникацияға қатысушыларға, жағдайдың өзіне ерекше мән береді (1997: 361).

З.Д. Попова мен И.А. Стернин жағдаятқа байланысты бір тілден екінші тілге код алмасудың бес түрін ажыратады: 1) басқа ұлт өкілімен қарым-қатынасқа түскенде; 2) қарым-қатынасқа түсуші тараптар өзгермеген, бірақ сөйлеу әрекетінің ағымы өзгерген кезде; 3) сөйлеу реестрін өзгерту кезінде (күпия әңгімеге ауысу, ұялу, ашулану); 4) басқалардың сөздерін жеткізгенде; 5) кенеттен, қателесіп немесе байқаусызда екінші тілге ауысқанда (2004: 194).

Материалдар мен әдістер

III. Поплактың (2001: 2062) зерттеулері бойынша код ауыстыру көп тілді меңгерген адамдардың (билингвтер немесе мультилингвтер) қарым-қатынас барысында екі не одан да көп тілді араластырып қолдануы дейтін болсақ, бүгінгі қазақ қоғамында орыс тілі мен қоса ағылшын тілін де меңгерген азаматтардың саны айтарлықтай көбейгенін ескеру керек. Яғни Қазақстандағы қазақ-орыс, қазақ-ағылшын код ауыстыру құбылысының әлеуметтік және коммуникативтік аспектілерін зерттеу, прагматикалық функциясына назар аудару ауызекі сөйлеуді зерттеуде өте маңызды болып тұр.

Мақалада күнделікті қарым-қатынаста дайындықсыз жүзеге асқан сөйлесімдер мен ашық әрі еркін форматта жүргізілген подкаст материалдары талданады. Ең басты назар код ауыстырудың коммуникативтік күрделілігіне аударылды. Мұнда сөйлеушінің ниеті, жағдаят, коммуникация орын алатын контекст пен экстралингвистикалық факторлар тығыз байланыста. Прагматика мен семантика код ауыстыру кезінде бір-бірімен үздіксіз қатынасқа түсіп отырады. Сол себепті алынған материалды талдауда әрбір жағдайды бір уақытта әрі прагматикалық әрі семантикалық бағытта қарастыру әбден мүмкін. Сондай-ақ мақалада код ауыстыру кезіндегі грамматикалық ерекшеліктерге де назар аударылады.

Зерттеу, негізінен, сапалық әдіснамаға негізделген. Бұл тәсіл ауызша сөйлеуде код ауыстыру құбылысының табиғатын тереңінен түсінуге бағытталған. Мұндай әдіс тілдің қолданылуына әсер ететін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында аталған тақырыптарға қатысты ғылыми әдебиеттерге кең көлемде шолу жасалды. Жұмыстың теориялық бөлігіне академиялық еңбектер, ғылыми мақалалар бойынша сараптама жасалып, зерттеудің теориялық негізін қалыптастырды.

Әдебиеттерге шолу

В.Е. Чернявская мен Ш.К. Жаркынбекова код ауысуды қарым-қатынасты үйлестірудің құралы ретінде қарастырады. Бұрын код ауыстыру тіл білмеудің белгісі деп түсіндірілсе, қазіргі көзқарас бойынша ол – екі мәдениеттің арасындағы көпір, яғни адамдар арасындағы түсіністік

пен жақындасуды қамтамасыз ететін тәсіл ретінде танылады. Авторлардың көзқарасынша, бұл құбылыс «гибридті тілдік тәжірибе» ұғымымен байланысты, яғни ол екі тілдің жай механикалық араласуы ғана емес, ортақ мағынаны құруға бағытталған әлеуметтік әрекет ретінде түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, код ауысу қоғамдық интеграция мен мәдени коммуникацияның құралы ретінде ұсынылады (2024).

Код алмасу – адамның белгілі бір жағдайда тиімді тілдік нұсқаны саналы түрде таңдауының нәтижесі. Жоғарыдағы авторлар сәл ілгерідегі зерттеуінде қазақ және орыс сөздерінің бір сөйлемде қатар қолданылуы, сонымен қатар қазақ түбірі мен орыс жұрнағының қосылуынан жасалған жаңа сөздер сынды код алмасудың түрлері жиі кездесетінін анықтайды. Олар қазіргі қоғамда мұндай сөйлеу үлгісі қалыпты әрі қабылданған құбылыс деп санайды (Zharkynbekova, Chernyavskaya, 2022).

Тілдік қарым-қатынастың түбегейлі өзгеруіне цифрландыру мен басқа да қоғамдық үдерістердің жетілуі себеп болатынын жоққа шығаруға болмайды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің өзара ықпалдасуынан жаңа коммуникативтік үлгілер қалыптасуда. Осы үш тілді кеңістіктегі қазіргі жастардың сөйлеу тәжірибесін зерттеп, тілдің мәдени, әлеуметтік және технологиялық факторлар арқылы қалай өзгеретінін анықтаған Ш. Жаркынбекова, З. Шахпутова және т.б. код алмасуды коммуникация қатысушыларының негізінен тек лексикалық жетіспеушіліктен ғана емес, сонымен қатар ыңғайлылық пен эмоциялық жақындықты білдіру мақсатынан туындайтынын алға тартады (2025).

Код ауыстырудың психолінгвистикалық және әлеуметтік себептері де жоқ емес. Б.Ж. Құрманова, А. Өтегенованың пікірінше де, код ауыстыру жаңа мәдени-тілдік норманың көрінісі және көптілді ортада бұл құбылыс – қарым-қатынастың тиімділігін арттыратын стратегия. Авторлар сөз кірістіру, тілдердің сөйлем құрылымдарының араласуы, коммуникативтік мақсатқа бейімделу сынды код ауысудың бірнеше деңгейін айқындайды (2021).

Код ауыстыру – тек тілдік емес, танымдық икемділіктің де көрсеткіші. А. Әбу, Р. Сауырбаевтардың пікірінше, код ауыстыру – мидың когнитивтік ресурстарын үнемдеудің және ойды дәл жеткізудің тиімді тетігі (2024).

Ал А.К. Әбілқасымова, А.Ш. Ақжігітова қазіргі тіл біліміндегі транслінгвизм мен код ауыстырудың өзара байланысын, олардың лингвисти-

калық және әлеуметтік-педагогикалық маңызын қарастырады. Олар код ауыстыруды транслингвизмнің парадигматикалық дамуы ретінде қарастырады. Код ауыстыруды тілдік саясатпен тығыз байланысты деп танып, оны көптілді қоғамдағы тілдердің функционалдық тепе-теңдігін көрсеткіші ретінде айқындайды (2023).

Г. Омарбекова «Код ауыстыру не кодтық алмасу – бұл ауызекі сөйлесу процесінде сөйлеушінің қарым-қатынас жағдайларына байланысты бір тілден (диалектіден, стильден) екіншісіне ауысуы. Сөйлеушіні код ауыстыруға бірнеше себеп мәжбүрлейді. Мысалы, адресаттың (яғни, тыңдаушының) өзгеруі, адресаттың немесе үшінші әңгімелесушінің бір ғана тілде сөйлей алуы код ауыстыруға себеп болуы мүмкін. Сөйлеушінің өзі рөліндегі өзгеріс те код алмасуына себеп болатын фактор болады» деп тұжырымдайды (2019: 23). Сонымен қатар автор код ауыстыру себептерінің жағдайлары ретінде нақты тақырыпты ашу мақсатын, біреуге сілтеме жасау, не қанатты сөздерді қолдануды, түсіндіру, қайталауды, өзін-өзі таныту мақсатын, лексикалық олқылықтарды толтыру функциясын атап көрсетеді.

Демек, код ауыстыру – көптілді ортада туындайтын табиғи тілдік бейімделу үдерісі. Ол адамның тілдік, мәдени және танымдық тәжірибесінің өзара тоғысын көрсетіп, заманауи қоғамдағы тіл дамуының белсенді үдерісіне айналып отыр.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі лингвистикалық зерттеулер екі тілді мәтіндерді талдау арқылы код ауыстырудың қайталанатын үлгілерін іздеуге назар салған. Соңғы кездері код ауыстыру процесіне белгілі бір шектеу қоятын және оның грамматикалық бағытын анықтайтын құрылымдық модельдер бойынша жұмыс пайда болды. Код ауыстыруды жан-жақты сипаттаудың 3 түрлі тәсілі бар:

1) *Сызықтық ретті шектеулер әдісі* (Ш. Поплак): ауысу тек екі тілдің грамматикалық және синтаксистік құрылымы сәйкес келген немесе бір-біріне қайшы келмейтін тұстарда ғана жүзеге асады.

2) *Сызықты емес шектеу модельдері*: қостілділер код ауыстыру кезінде интуитивті деңгейде қай жерде орынды қолданыс екенін, қай жерде сөйлем құрылымын бұзатынын біліп отырады.

3) *Матрицалық тілдің фреймдік моделі* (К. Майерс-Скоттон): код ауыстыру кезінде екі тіл

бір уақытта қолданылса да, олардың ішінде бір тіл басым болады. Оны «матрица-тіл» деп атайды. Екінші тіл тек кейбір сөздер мен тіркестер түрінде енгізілетін тіл ретінде қолданылады.

Аталған 3 модельдің ішінде біз мақаламыздың талдау жұмыстарына Матрицалық тілдің фреймдік моделін басшылыққа алдық. Бұл модель – сөйлеу үдерісінің психоллингвистикалық теорияларына негізделген синтаксистік үлгі. К. Майерс-Скоттон бір сөйлемнің ішінде болатын код алмасу уақытындағы лингвистикалық шектеулерді матрицалық тіл тұрғысынан түсіндіруге тырысады (1993; 2002).

Модель бірнеше принциптерге негізделеді:

- ассиметрия принципі, мұнда қостілді сөйлемнің морфо-синтаксистік фреймін құруда тілдердің белсенділігі тең болмайды. Автордың гипотезасы бойынша тіпті олардың белсенділігі тең болған жағдайдың өзінде матрица-тіл (the matrix language) кірме тілге (the embedded language) қарағанда басымырақ.

- код ауыстыру кезінде матрица-тілдің грамматикалық құрылымының өзгермеу принципі.

- жүйелі морфемалар принципі. Аталған принципке сәйкес матрица-тіл қостілді айтылымның морфо-синтаксистік фреймін қалыптастырады. Айтылым барысында кірме тіл матрица-тілге түрлі морфемалардың типтерін (лексикалық та, грамматикалық та) ұсынады, бірақ матрица-тіл оның сөйлемде қолданылуына белгілі бір дәрежеде шектеу қояды.

Матрица-тілде, негізінен, қызметтік (аффикстік) морфемалар мен кейбір мазмұндық (семантикалық) морфемалар болады. Мазмұндық морфемаларға зат есімдер, етістіктер, сын есімдер және үстеулер, яғни, сөйлемнің мағыналық өзегін құрайтын бірліктер жатады. Ал қызметтік морфемаларға сөйлемнің грамматикалық байланысын қамтамасыз ететін жалғаулар, көмекші сөздер, шылаулар және грамматикалық формаларды белгілейтін элементтер кіреді.

К. Майерс-Скоттон мен Г.Н. Чиршева ұсынған матрицалық тілдің фреймдік моделі үш негізгі сөйлем типін ажыратады:

- 1) біріккен сөйлем түрі, яғни матрицалық және кірме тіл элементтері араласқан синтаксема. Мұнда грамматикалық құрылымды матрицалық тіл белгілейді (мысалы, сөйлемнің негізгі синтаксистік қаңқасы матрицалық тілге тиесілі);

- 2) аралас синтаксема, мұнда сөйлемнің кейбір бөліктері (мысалы, сөз тіркесі немесе сөйлем аралығы) тек кірме тілдің морфологиялық құрылымымен беріледі;

3) толық кірме тіл синтаксемасы, яғни сөйлемнің морфологиялық және синтаксистік құрылымы түгелдей кірме тіл нормаларымен құрылады.

Матрицалық тіл сөйлемнің грамматикалық негізін, яғни сөйлеудің құрылымдық қаңқасын белгілейтін тіл ретінде анықталады. Осыған сәйкес, сөйлемде қай тілдің құрылымдық үлгісі басым болса, сол тіл матрицалық тіл болып саналады.

Сөйлеу барысында синтаксистік және морфологиялық байланыстар нақтыланып, сөйлемнің грамматикалық ұйымдасуы қалыптасады. Бұл деңгейде матрицалық тіл сөйлеудің негізгі құрылымын белгілеп, кірме тілдің элементтерін өз жүйесіне бейімдейді.

Модельдің бұл деңгейінде сөйлеу екі бағытта дамиды:

1) төменнен жоғары қарай – яғни морфемалық және лексикалық элементтерден бастап сөйлемнің жалпы құрылымына дейін;

2) жоғарыдан төмен қарай – яғни коммуникативтік мақсат пен семантикалық мақсатқа сай құрылымдық модельдің нақты іске асуы.

Осы екі бағыттың қиылысында сөйлеудің нақты формасы пайда болады. Онда матрица-тіл сөйлемнің құрылымдық және грамматикалық сұлбасын анықтаса, кірме тіл мазмұнды байытып, сөйлемге экспрессивті немесе мәдени реңк үстейді.

Тілдік факторлар код ауыстыруға әсер ететін шектеулер туындатуы мүмкін. Осылайша, лингвистикалық талдау аясында тілдік фактордың өзі модельденеді.

Социоллингвистикалық зерттеулер тұрғысынан код ауысу. Социоллингвистикалық зерттеулерде код ауыстыру, әдетте, 2 түрлі деңгейде қарастырылады: макро- және микродеңгей.

Макродеңгейде код ауысу мәселелері тілдік қоғам тұрғысынан қарастырылады. Бұл тақырып бойынша алғашқы зерттеулерді «диглоссия», «жоғары және төмен тіл нұсқалары» ұғымдарын енгізген Ч. Фергюсонның (1959) еңбектерінен байқауға болады. Ч. Фергюсон идеялары Дж. Фишманның домендік талдау үлгісінде жалғасын тапты (1967). Ғалымдардың ойынша, қоғамда әр тіл немесе тіл нұсқасы белгілі бір жағдайларда ғана қолданылады. Ресми ортада «*жоғары*» тіл нұсқасы, ал күнделікті сөйлеуде «*төмен*» тіл нұсқасы қолданылады.

Код ауыстырудың микродеңгейдегі анализін Ж.-П. Блум мен Д. Гумперц ұсынды (1972). Олар *жағдаяттық* (қатысым жағдайының өзгеруіне

байланысты тілдің өзгеруі) және *метафоралық* (сөйлеушінің эмоциясын, қарым-қатынасын, әлеуметтік мәртебесін көрсету үшін кодты әдейі ауыстыруы) код ауыстыру ұғымдарын ұсынды.

Ғалымдардың идеясы негізінде К. Майерс-Скотон «*маркерлену үлгісін*» (Markedness Model) ұсынған. Модельде қостілділер тіл кодын саналы түрде таңдайды: «маркерленген» немесе «маркерленбеген» код белгілі бір коммуникативтік ықпал етуші белгілерге (мысалы, ынтымақ, қашықтық сақтау, ирония және т.б.) қол жеткізу мақсатында пайдаланылады.

Қорытындылай келе, социоллингвистикалық тұрғыдан код ауыстыру қатысушылардың әлеуметтік рөлдері мен тұлғалық ерекшеліктерін сипаттайды.

Психоллингвистикалық зерттеулер тұрғысынан код ауысу. Код ауыстыруды зерттеудегі психоллингвистикалық көзқарас бұл құбылысты екі тіл жүйесінің өзара әрекеттесуінің табиғи нәтижесі ретінде қарастырады. Бұл тәсілдің аясында код ауысу тілдік тұрақсыздықтың дәлелі ретінде емес, біртұтас когнитивтік кеңістікте екі тілдің қызметінің көрінісі деп түсіндіріледі.

Әуелгі психоллингвистикалық зерттеулерде (Gerard, Scarborough, 1989; MacNamara, Kushnir, 1971) қос тілді адамның санасында меңгерілген тілдер бөлек сақталады деп тұжырымдаған. Демек белгілі бір жағдайда бір тіл іске қосылса, екіншісі сөндіріліп отырады. Сондықтан бір тілден екінші тілге өтіп, код ауыстырғанда сөйлеушіге екінші тілді іске қосуға уақыт қажет екенін айтады.

Ал кейінгі зерттеушілер (Chen, Ho, 1986; Grainger, 1993; Li Wei, 1998) адамның менталдық кеңістігінде екі тіл бір мезгілде белсенді бола алатынын дәлелдеді. Осы зерттеулер негізінде М. Клайн *триггерлеу теориясын* (1967; 1987; 2003) ұсынған.

Триггерлеу теориясы бойынша код ауыстыру тек коммуникативтік ниетке ғана байланысты емес, сөйлеуді туындататын басқа да спецификалық жағдайлармен байланысты тілдердің психоллингвистикалық уәжді кезектесуі. Мұнда мидағы екі тілдің жұмысын қамтамасыз ететін когнитивтік механизмдерге аса назар аударылады. Мысалы екі тілде ұқсас келетін единицалар (когнат-сөздер, тіларалық омографтар және т.б.) код ауыстыруға итермелейтін *триггер* болып есептеледі.

Осылайша, код ауыстырудың психоллингвистикалық қыры табиғи және заңды құбылыс ретінде қарастырылады. Ол билингвтің тілдік

санасының қалай ұйымдастырылғанын және екі тілдің бір когнитивтік жүйеде қалай өзара әрекеттесетінін көрсетеді.

Алдымен біз қарастырып отырған мысалдардың ішінде код ауысу құбылысының грамматикалық ерекшеліктеріне тоқталайық. Бұл олардың бірліктерінің сипаты мен қызметіне байланысты анықталады. Көптеген мысалдарда орыс және ағылшын сөздері қазақ тіліндегі сөйлемнің басқа мүшелерімен үндесетіні біздің назарымызды аударды. Яғни орыс және ағылшын сөздері мен сөз тіркестері қазақ сөйлемінің грамматикалық заңдылықтарына бейімделуін жиі байқауға болады.

– *Бүгін стилім bad girl болып тұр...* (телевизиялық шоуудан үзінді).

Берілген сөйлемде екі рет код ауысу жүзеге асқан. Бірінші «стиль» сөзі қазақ тілінің грамматикалық құрылымдарына икемделіп, -ім тәуелдік жалғауын қабылдап тұр. Бұл код алмасудың сөйлеудегі морфологиялық көрінісі болса, «bad girl» сөзі ешқандай синтаксистік тізбекті бұзбастан матрица-тілдің заңдылықтарына әдемі бағынып тұр. Сондай-ақ, жаман қыз мағынасында қолданылып тұрған «bad girl» тіркесі код ауыстыру тәсілі арқылы өзінің жағымсыз коннотациясын әлсіреткендей.

– *Сол deadlineді нақтылау керек болып тұр...* (басшы мен қызметкер арасындағы әңгіме).

Мұнда ағылшын тіліндегі зат есім қазақ тіліндегі табыс септігінің жалғауын қабылдап, дәл осы қалпында сөйлемнің айтылымын (произношение) жеңілдетіп тұр.

– *Досым, саған полный respect қой...* (екі студент жігіттердің ватсап желісі арқылы жүргізілген әңгімесінен).

Бұл сөйлемде ағылшын тілінің грамматикалық деңгейдегі конвергенциясын байқауға болады. Мұнда I give full respect ағылшын тіліндегі синтаксистік конструкцияның қазақ тіліне тура көшіріліп отырғанын байқауға болады екен. Себебі бұл сөйлемді қазақшаландыратын болсақ, «досым, сені сыйлаймын» деп қолданылушы еді. Яғни қазақ тіліндегі етістік ағылшын тіліндегі зат есімге алмастырылып отыр, демек зат есім етістіктің грамматикалық формаларын қабылдай алмайды. Осы жерде екі тілдік жүйенің құрылымдары қарама-қайшылыққа түсіп, екеуінен оңтайлы, қолданысқа едәуір ыңғайлы әрі ықшам нұсқасы интуитивті түрде таңдалынып алынды. Ал respect сөзінің сөйлеушіге әсерін күшейту мақсатында қазақ тіліндегі үлкен сөзі орыс тіліндегі полный бірлігімен ауысып отыр.

Грамматикалық белгілердің ерекшеліктерін қарастыра отырып, келесідей қорытындыға келу мүмкіндігі бар: қарым-қатынасқа түскен тілдердің грамматикалық формалары сөйлесім барысында сәйкес келуі де, сәйкес келмеуі де мүмкін. Әдетте сөйлем ішіндегі ауысқан сөздің грамматикалық қызметі сол сөздің матрица-тіл яғни ана тіліндегі баламасы мен сөйлемнің ішкі аудармасы арқылы реттеліп отыратынын байқадық.

Код алмасудың семантикалық талдауында келесідей мәселелерді байқауға болады:

1. Код алмасу уақытында лингвистикалық немесе экстралингвистикалық бірқатар себептерге байланысты қазақ тілінде жоқ, жаңа заттың немесе құбылыстың атауы ретінде қолданылады. Бұл, әдетте, кірме сөздің тілге енуінің алғашқы сатысы:

– *Айсұлу, сіздің Power Point Presentation-ыңыз не болды?* (Оқытушы мен студенттің әңгімесінен).

2. Келесі топта біз сөйлеудегі үнемдеуді көздейтін семантикалық трансформацияларды қарастырамыз. Мұнда мағынаға концентрация жасау арқылы үнемдеу жүзеге асады:

– *Deadline қашан?* (әріптестердің әңгімесінен).

Қазақ тіліндегі «соңғы мерзім» тіркесін ағылшын тіліндегі бір ғана зат есім арқылы беріп сөйлеу күшін үнемдеп отыр:

3. Айырмашылық ұғымдар, белгілі бір кәсіби ортадағы терминология. Бұл топта екі тілде сөздер бір-бірімен мағыналық жағынан сәйкес келмейді және коммуникация барысында қайшылықтар туындатады:

– *Торонтода телефон номердің алдында area code жазу керек.*

Мұнда Торонто Канаданың қаласы, яғни сөйлеуші code area қолданысын қазақша «қала коды» деп баламаламайды. Себебі екі тіркестің мағынасында екі түрлі концепт жатыр (Сычева, 2005: 15).

4. Кей ағылшын немесе орыс тіліндегі сөздерді пайдаланғанда олардың семантикасында өзгеріс пайда болады. Мысалы: *Бір ұнайтыны, ол өте ambitious, ну, жақсы мағынасында*

Ең бірінші сөйлеуші үшін бұл сөздің толық мағынасын ашатын қазақ тілінде сәйкес бірлік табу қиын болғаны көрініп тұр. Екіншіден, сөйлеушінің орыс тіліне емес, ағылшын тіліне код ауыстыруын оның интенциясымен байланыстыруға болады. Орыс тілінде амбициозный сөзінің жағымсыз коннотациясы ағылшын тіліндегі ambitious сөзінен гөрі басымырақ. Ал контекс-

тен (*жақсы мағынасында*) сөйлеушінің 3-жақ туралы жақсы ойда екенін байқауға болады.

5. Код ауыстыруды эвфемистік қызметте пайдалану, яғни екінші тарапқа сөйлеу әсерін жұмсарту:

– *Қыздар, я в уборную...* (құрбыларымен тамақтанатын жерде отырған қыз баланың айтылымы)

Бұл жерде әжетхана сөзін уборная сөзімен алмастыру сөйлеушінің сыпайы қарым-қатынасын көрсетіп тұр.

6. Әр халықтың этномәдени ерекшеліктері олардың тілінде де, айтылымдарында да көрініп тұрады:

– *Ертеңгі презентацияға дайындыққа уақыт жетпей жатыр, жобаның кейбір материалдары әлі келмеді.*

– *Мен саған ол тапсырманы өткен аптада бергенмін. Неге әлі дайын емес?*

– *Серіктестер жауап бермей жатыр, сондықтан кейбір слайдтар бос қалды...*

– *Менің уақытым жоқ сенің сылтауларыңды тыңдауға. Это твои проблемы. Маған тек нәтиже керек – ертеңге дейін бәрі дайын болсын.*

Бұл жерде «*это твои проблемы*» тіркесінің орысша берілуіне оның этномәдени семантикасы әсер етіп тұр. Ұлттың мәдениеті тілде бейнеленеді, жеке адамның және бүкіл қоғамның рухани әлемін қалыптастыру мен оның дамуына ықпал ететін де тіліміз. Егер екі ұлттың мәдениетіне назар аударсақ, салыстырмалы түрде, орыс тілді мәдениет монохронды, ал қазақ тілді мәдениет полихронды деген тұжырымға келуге болады. Себебі полихронды мәдениетке адамды оның қиыншылықтарымен (проблема) бетпе-бет қалдыру тән емес. Олар әріптестерінің немесе достарының мәселесіне бей-жай қарай алмайды. Ал монохронды қоғамда өзінің жеке мәселесімен өзгелермен көп бөлісуді құптамайды, жауапкершілікті басқа адамның мойнына артқысы келмейді.

7. Қазақ тілінің орнына беделді ағылшын сөздері мен қолданыстарын пайдалану.

Мәә, прикинь бізге «Реал» келеді, в КЗ прайм эра (инстаграмм желісінен).

Біздің апай на Чилле дейсің гой (мектеп оқушысының айтылымы).

Бүгін тартылсаңдаршы, кешке party (студенттердің әңгімесінен).

8. Метафоралық код ауыстыру. Бұл терминді алғаш Дж. Гамперц ұсынып, кейінірек оны Спольский толық әзірлеп шыққан. Ғалым ана тілінде жұмыс мәселелерін талқылау барысында

билингв бір мезгілде сөздер, сөз тіркестері немесе сөйлемдер деңгейінде код ауыстыруын белгілі бір номинативті ұқсастық немесе сабақтастық бойынша тасымалдайтын ауысу деп нақтылайды (Spolsky, 1998):

– *Мен ұзақ уақыт киіммен айналыстым да, сосын take-up-қа кеттім, бет әрлеуге* (интервью форматындағы подкаст материалдарынан).

Бұл мысалда ағылшын сөзі метафоралық мағынада қолданылса, оның қазақша баламасы түсініктеме ретінде беріліп тұр.

Код ауыстырудың семантикалық ерекшеліктерін қарастыра отырып, код ауысу арқылы құрылған айтылымдардың өте ерекше және әсерлі екенін байқадық. Сөйлеушілер тек жалпы қолданыстағы ғана емес, арнайы лексиканы да жиі қолданатыны анықталды. Сонымен қатар, сөйлеушілер өз айтылымдарында эмоционалды бағалауыштық лексиканы, синонимдерді, метафораларды және басқа да көркем тәсілдерді жиі қолданады. Бұл сөздер ақпаратты нақтылау, күшейту немесе ерекшелеу үшін қолданылады.

М.В. Никитин тіл прагматикадан бастап семантиканы шексіз меңгереді деп есептейді. Сөйлеуші мағыналардың семантикалық жағын коммуникацияның прагматикалық мәселелерін шешуі үшін жан-жақты қарастырады (1996: 714).

Демек код ауысуды анықтайтын ең маңызды фактор тілдің прагматикалық қызметі, оның мінез-құлықты реттеу құралы ретіндегі рөлі, коммуникативті серіктеске әсер ету күші. Төменде берілген мысалда шетел лингвистері сөйлеуші шаршаған, ренжіген немесе керісінше эмоционалды толқу кезінде кодты ауыстыруға жүгінгенін айтады. Ағылшын тілі кафедрасының аға оқытушысы сабақтан қайтып келе жатып, әріптестерімен алған әсерімен бөлісе бастайды:

Преподаватель' Так урок быстро прошел. Мы с ними разбирали rules of the roads. Немного, правда, в знаках запутались «What will you do?». Они: «turn to the left» Я говорю – «fo the right». А они – «to the left». В общем, весело было (Сычева, 2005: 18).

Қарым-қатынас жасауда кей ұғымдарды идея туындаған тілде жеткізу өте қолайлы. Мүғалімнің нақты, күнделікті іс-әрекеті шет тілімен тығыз байланысты, сондықтан ол екі тілде оңай әрекет етеді, қажетінше бір тілден екіншісіне ауысады. Одан бөлек, мүғалім ағылшын тіліндегі сөз тіркестері мен сөйлемдерді пайдалана отырып, жағдайды әріптестеріне сипаттау

арқылы оларға істің шын мәнінде қалай болғаны туралы түсінік беру үшін сабақта болған жағдайды қайта құрастырады. Яғни бұл жағдаятта прагматикалық мақсатқа жету үшін түрлі семантикалық инструменттер қолданылған.

Дайындықсыз сөйлеу тілінің лингвистикалық, социоллингвистикалық және психоллингвистикалық ерекшеліктерін талдау.

Үлгі 1: Анандай болашақ жарын біліп тұрат, біліп жүрет ше. Ол егер, сен ойлағандай дейм да, қыздарға айтам, сен ойлағандай әрекет жасамаса, демек ол сені таңдаған жоқ. Просто соны қабылдай салу керек, болды. Не надо бегать, не надо намекать. Білестер ма, жігіттер бәленің бәрін біледі, сенің намекашь етіп рилс жіберетініңді, мынадай букет күшті екен, ана ресторан күшті, ия, мынандай тамақ жегім келеді. Думаешь тупой что ли, он не тупой, ол бәрін біледі, ол просто жасағысы кемиді. Потому что, ты не та самая, а та самаяға жігіттер ақша бар ма, жоқ па, қарамайды. Ол істейтін нәрсесін бәрін істеп тастайды. Ана сүйгеніңді сүйіп үйрену керек та, а не өзің гашик болып, соның артынан, анандай делдал болып жүргенше...

Лингвистикалық ерекшеліктері: Мысалда интерсентенциалды (сөйлемаралық) және интрасентенциалды (сөйлем ішіндегі) код ауыстыру қатар кездеседі: «Просто соны қабылдай салу керек, болды.», «Не надо бегать, не надо намекашь.», «Думаешь тупой что ли, он не тупой...», «А та самаяға жігіттер ақша бар ма, жоқ па, қарамайды.»

Лексикалық код ауысу: *рилс, букет, ресторан, намекашь, тупой* сияқты орыс және ағылшын сөздері қолданылған.

Синтаксистік араласу: қазақша сөйлем құрылысына орысша етістік енгізілген. «*Білестер ма, жігіттер бәленің бәрін біледі, сенің намекашь етіп рилс жіберетініңді...*». Мұнда қазақша баяндауыш құрылымына орысша етістік (намекашь) синтаксистік тұрғыдан икемделген.

Морфологиялық бейімделу: «*та самаяға*» – орысша сөз тіркесі қазақтың септік жалғауын қабылдап тұр, яғни сөйлемде морфологиялық интеграция бар.

Социоллингвистикалық ерекшеліктері: Социоллингвистикалық тұрғыдан мұндай код ауысу жастардың бейресми қарым-қатынасында жиі кездеседі және ол сөйлеушінің эмоциясын, ой екіпінін, қатынас стилін жеткізудің тәсілі ретінде қызмет етеді. Орыс тіліндегі «*просто*», «*не надо*» сияқты тіркестер ойға экспрессивті реңк беріп, сөйлеушінің сенімді, тура позициясын

білдіреді. Код ауыстыру бұл жағдайда тілдік нормадан ауытқу емес, керісінше, жастардың әлеуметтік және мәдени сәйкестігінің белгісі болып табылады.

Психоллингвистикалық ерекшеліктері:

Психоллингвистикалық тұрғыдан, мұндай араласу билингв тұлғаның санасында екі тілдің қатар белсенді болуымен түсіндіріледі. Эмоционалды, спонтанды сөйлеу барысында сөйлеуші санада бірінші іске қосылған тілдік бірлікті пайдаланады. Сондықтан код ауыстыру – тілдік жүйелер арасындағы когнитивтік икемділіктің нәтижесі. Бұл құбылыс билингвтің екі тілді бір когнитивтік кеңістікте еркін қолдана алатынын көрсетеді.

Үлгі 2: Алты үш болды го. Прикинь, алты үш болат. Шок, ата-аналарымыз в шоке, короче. Ол менде гана емес. Жан-жақтан гимназиядан келді гой, мықты баллар, енді бәрі крутой боп келді. И бір есімде менің өзім, менің жылдарымда бір, қателеспесем, 140 оқушының бір онында гана үш болған жоқ қой. Қалғанын бәрінде бір үштен, екі үштен, біреулер екке, қиын болды енді, біз ананы қабылдай алмадық ондай нені, қиын болд та. Каждый тоқсан сайын, тоқсан біткен сайын экзамен болатын, суммативка дитін, анау кәдімгі ЕНТ гой. Каждый тоқсан ЕНТ болат былай айтқан кезде, и анау қиын анау кәдімгі. Сомен қадалдық.

Лингвистикалық ерекшелік: Интерсентенциалды және интрасентенциалды код ауысулар аралас кездеседі: «*Алты үш болды го. Прикинь, алты үш болат*», «*Ата-аналарымыз в шоке, короче*», «*Каждый тоқсан сайын экзамен болатын, суммативка дитін*»

Лексикалық код ауысу: Қазақ тілінің құрылымында орыс тілінен енген немесе тікелей орысша қолданылған элементтер бар. Мысалы, *прикинь* (эмоциялық, экспрессивті сөз), *в шоке, короче, каждый, экзамен, ЕНТ, крутой, суммативка* (күнделікті сөйлеуде жиі қолданылатын бейресми сөздер). Бұл элементтер сөйлеуге ауызекі реңк, жас ерекшелік тіліне тән стиль береді.

Грамматикалық араласу: сөйлемдерде орыс сөздері қазақ грамматикалық жүйесіне бейімделіп тұр. Бұл – интерференция және морфологиялық сәйкестендірудің анық көрінісі.

Социоллингвистикалық ерекшелік: Код ауысудың бұл түрі көбіне жастардың бейресми тілдік қарым-қатынасына тән. Мұнда сөйлеуші өз ортасындағы әлеуметтік нормаларға сәйкес, қазақ және орыс тілдерін прагматикалық мақсатта алмастырып қолданады. Орыс тіліндегі

элементтер сөйлеуге экспрессия мен эмоциялық реңк беру үшін, заманауи, қала мәдениетіне жақын сөйлеу үлгісін қалыптастыру үшін, топ ішіндегі бірлік пен ортақтық сезімін білдіру үшін енгізіледі.

Психоллингвистикалық ерекшелік: мұндай код ауысу билингв тұлғаның когнитивтік икемділігін көрсетеді. Сөйлеуші екі тілдің грамматикалық және семантикалық жүйесін санасында қатар ұстап, қажетті тілдік бірлікті прагматикалық жағынан тиімді сәтте таңдайды. Бұл жағдайда код ауысу ойды жылдам әрі нақты жеткізу, эмоция мен бағалауды күшейту, сөйлеушінің ішкі когнитивтік процестерін оңтайландыру қызметін атқарады. Сөйлеушінің «прикинь», «в шоке», «крутой», «короче» сияқты сөздерді қолдануы оның эмоционалды әсерін күшейтеді және сөйлеу актісінің шынайылығын арттырады.

Үлгі 3: Қарым-қатынас ол жұмыс кәдімгі. Ол действительно, өйткені энергия ээ қазіргі кезде, ыы мына психология популяризация болды да, манипуляция не екенін білеміз, газлайтинг не екенін білеміз. И сен, так по-моему редфлаг сияқты, йоо че-то деген сияқты да. Осы сияқты нагрузкалар түсед, одан бөлек мынандай мәселе бар, ыы произошла деваливация любви, вообще махабаттың деваливациясы болды, егер де бұрынғы біздің жаңағы көретін киноларымыз «три метра» бар, басқа бар, сондай жігіттерді романтизировать етіп, соған тиіп кете беретін еді гой қыздар, щас уже не хотят, уже мен сол кезде сондай жігітке гашик болдым, не могу өліп бардым, соған тиюім керек не важно іше ма, басқа ма, тие беремін дейтін қыздар кәзір жоқ.

Лингвистикалық ерекшелік: Бұл мысалда орыс, және ағылшын тілдерінің «действительно», «популяризация», «манипуляция», «газлайтинг», «редфлаг», «че-то», «нагрузка», «деваливация любви», «вообще», «романтизировать», «не могу», «не важно» сияқты элементтері қолданылған. Мұнда да сөйлем аралық және сөйлем ішіндегі код ауысу үлгісі көп кездеседі.

Лексикалық код ауысу: Манипуляция, газлайтинг, редфлаг – психология мен поп-мәдениеттен енген заманауи интернационализмдер. Олар қазақ тіліндегі семантикалық жаңару процесін көрсетеді.

Грамматикалық араласу: Сөйлемдерде қазақ тілінің сөйлем құрылысы сақталған, орыс және ағылшын бірліктері синтаксистік және морфологиялық жағынан қазақ тілінің жүйесіне икемделген. Мысалы «романтизировать» сөзі-

не «*etin*» көмекші етістігі тіркесіп, гибрид тіркес жасалған.

Ал «нагрузка», «деваливациясы» деген сөздерде морфологиялық бейімделу үлгісі бар.

Социоллингвистикалық ерекшелік: Берілген мысалда код ауысу бейресми қарым-қатынас жағдайында, жас буын өкілдерінің сөйлесуінде орын алып тұр. Мұндай тілдік араласу сөйлеушінің әлеуметтік тобының, жас ерекшелігінің және мәдени ортасының көрсеткіші болып табылады. Орыс тілі элементтері – білім мен медиа кеңістігінің ықпалын, ал ағылшын тілінің терминдері – жаһандандудың және интернет мәдениетінің әсерін білдіреді. Сөйлеуші бұл кодтарды әлеуметтік сәйкестену, заманауилық пен интеллектуалдық бедел көрсету мақсатында қолданады. Код ауысудың негізгі функциялары – ойды нақтылау («действительно», «вообще»), эмоцияны күшейту («йоо че-то») және пікірге субъективті баға беру («редфлаг сияқты»).

Психоллингвистикалық ерекшелік: Үзінді сөйлеушінің спонтанды, табиғи ой ағымын көрсетеді. «ээ», «ыы» сияқты паузалық маркерлер когнитивтік процестің үздіксіз жүріп жатқанын, сөйлеудің дайындықсыз екенін дәлелдейді. Сөйлеушінің ойы бір мезгілде бірнеше тілдік жүйеде жүзеге асады, бұл билингвтің когнитивтік икемділігінің көрсеткіші болып табылады. Тілдік кодтар сөйлеушінің ішкі эмоциялық күйін, әлеуметтік тәжірибесін және мәдени фондық білімін бейнелейді. Ағылшын және орыс тілдік элементтері көбіне эмоциялық әсерді күшейту және экспрессивтік мән беру мақсатында қолданылады, Мысалы «вообще махабаттың деваливациясы болды» қолданысы сөйлеушінің сезімдік реакциясын күшейтеді.

Сөз этикетіндегі код ауысудың қызметі. Сөз этикетіндегі код ауысу – Қазақстандық билингвтердің сөйлеу тәжірибесінде жиі кездесетін құбылыс. Әдетте сыпайы формулалар қарым-қатынас жағдайына және әңгімелесушінің әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты көбінесе орыс немесе ағылшын аналогтарымен ауыстырылады. Мысалы жастар «Рахмет, до встречи!» немесе «Sorry, мен кешігіп қалдым» деп айту арқылы бірнеше тілді меңгергенін ғана емес, сонымен қатар аралас тілді ортаға бейім екендігін де көрсетеді. Бұл ең қолайлы сөйлеу мәнерін таңдауға, сыйластықты баса көрсетуге немесе, керісінше, қарым-қатынасты бейресми етуге көмектеседі.

Сөз этикетіндегі код ауыстырудың негізгі себептері ретінде жастардың интернет, бұқара-

лық мәдениет пен жаһандық тенденциялардың әсерінен ағылшын тіліндегі формаларды (*hi, bye, sorry*) көбірек пайдаланатынын айтсақ болады.

Ал орыс этикетінің элементтерін қолдану орыс тілінің көптілді қоғамда «күнделікті қарым-қатынас тілі» мәртебесімен тығыз байланысты.

2-кесте – Сөз этикетінің семантикалық топтарында кездесетін код ауыстыру үлгілері

Амандасу	- Привет, қалайсың? – Hi, қыздар! – Сәлем, nice to meet you! – Доброе утро, қалай ұйықтадыңдар! – Сәлем, long time no see! – Welcome, біздің cityға!
Қоштасу	- Мейлі, давай, See you later! – Ладно, ертең кездесеміз! – Хорошо, кейін обсудим, Take care! – Мен кеттім, Have a nice day!
Қаратпалар	- Че там, guys! – Эй, тап, жоқ боп кеттің ғой! – Мен сені жақсы көрем, sister! – Рахмет, dear! – Ассалаумағалейкум, my friend! – Қалайсың, брат!
Алғыс пен тілек	- Thanks, bro, мықтысың! – Алла разы болсын, thank you so much! – Аман бол, my friend, good luck! – Рахмет, ты лучший! – Рахмет, брат, ты реально помог!
Кешірім сұрау	- Айып емпе, I'm really sorry for that! – Не обижайся, әдейі жасамадым! – Sorry, қыздар, ренжімеңдер! – Не обессудь, мен, шынымен, ренжіткім келген жоқ!
Өтініш білдіру	- Маған көмектесші, please! – Көмектесші, I really need your help! – Пожалуйста, көрсетіп жіберші!


Код ауысу – қазақ-орыс билингв жастарының сөйлеу мәдениетіне тән табиғи құбылыс. Ол тек тілдік емес, сонымен қатар әлеуметтік және психологиялық факторлармен шартталған. Код ауысу бұл жағдайда эмоциялық әсерді арттыру, заманауи сөйлеу үлгісін сақтау және екі тілдің когнитивтік өзара байланысын көрсету функцияларын атқарады. Демек код ауысу жәй кез-

дейсоқ немесе бір тілден екінші тілге автоматты ауысу ғана емес, коммуникативтік стратегияның бір бөлігі.

Зерттеуге сонымен қатар Семей қаласына іссапардың нәтижесінде алынған сауалнамалардың код ауыстыруға қатысты қорытындысы беріліп отыр. Жалпы сауалнаманың код ауыстыруға қатысты бөліктеріндегі көрсеткіштер келесідей.

Сіздің қарым-қатынас жасайтын негізгі тіліңіз (бірнеше нұсқаны таңдасаңыз болады):


216 ответов



1-сурет – Жалпы сауалнаманың код ауыстыруға қатысты бөлігі (1)

Сіз қалада сөйлескенде бірнеше тілді араластырып сөйлейсіз бе?

216 ответов



2-сурет – Жалпы сауалнаманың код ауыстыруға қатысты бөлігі (2)

Сауалнаманың «Егер жоғарыдағы сұраққа жауабыңыз «Иә» болса, қандай тілдерді және не үшін?» сауалына жауап берген 216 адамның 122-сі «Орыс тілін», 93-і «Қазақ тілін», 23-і «Ағылшын тілін» деп белгілеген. Жауаптардың басым

бөлігі орыс және қазақ тілдеріне тиесілі екенін көруге болады (яғни, екі тілдің аралас қолданылуы айқын). Ағылшын тілі үшінші орында, бірақ ол көбіне «пән», «практика үшін», «үйреніп жүрмін» сияқты контексте аталады.

Сіз қалада сөйлесу тілін таңдағанда қандай фактор әсер етеді? (бірнеше нұсқаны таңдай аласыз)

216 ответов



3-сурет – Жалпы сауалнаманың код ауыстыруға қатысты бөлігі (3)

Жауаптардың шамамен 25-30% қостілді, ал 65-70% тек бір тілде (көбіне қазақ немесе орыс). Бірақ көпшілігі аралас сөйлеуді мойындайды – яғни формалды түрде «біртілді» болғанымен, сөйлеу тәжірибесінде код ауыстыру бар. Ал себептік мотивтері жағынан «қоғам/орта әсері», «ыңғайлылық», «әдетке айналған», «түсініктілік/жеңілдік», «қажеттілік (оқу, жұмыс)» сынды

категориялар көш бастап тұр. Бұдан код ауыстыру көбіне орта мен ыңғайлылық факторларынан туындайтынын, көп адам екі тілді қатар қолдандуды әлеуметтік қажеттілік ретінде көретінін аңғарамыз.

Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың басым бөлігі (шамамен 80-85%) күнделікті қарым-қатынаста екі немесе одан да көп

тілді араластырып қолданатынын көрсеткен. Негізінен қазақ және орыс тілдерінің араласуы жиі байқалады, ал кейбір респонденттер ағылшын тілін де енгізіп сөйлейтінін атап өткен. Мұндай жағдай, әсіресе, жастар мен қалалық ортада тұратындар арасында кең таралған.

Жауаптар мазмұнын талдау барысында код ауыстырудың негізгі себептері анықталды: сөйлеу ыңғайлылығы мен әдетке айналған тілдік бейімделу; белгілі бір ұғымды басқа тілде нақтырақ жеткізу қажеттілігі; сұқбаттасушының тілді түсіну деңгейіне қарай бейімделу; әлеуметтік орта мен кәсіби жағдайдың әсері (мысалы, ағылшын тілінің білім мен жұмыс саласында жиі қолданылуы). Көптеген қатысушылар код ауыстыруды тілдік шектеудің немесе білімсіздіктің белгісі емес, керісінше қарым-қатынасты жеңілдететін табиғи құбылыс ретінде қабылдайды. Бұл – қазіргі қостілді және көптілді қоғамда тіл мәдениетінің жаңа бейімделу формасы қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Сондай-ақ бірнеше респондент қазақ тілін таза сақтауға тырысатынын, бірақ кей жағдайда орыс тіліндегі сөздерді түсінікті болу немесе эмоциялық әсер үшін қолданатынын жеткізген. Бұл тілдің функционалды икемділігін, яғни тіл мәдениетінің нақты қатысымдық жағдайға сай бейімделу қабілетін көрсетеді. Сауалнаманың код ауыстыруға қатысты біз көрсетіп отырған нәтижелері Қазақстанның урбанизацияланған кеңістігінде код ауыстыру әлеуметтік нормаға айналған құбылыс екенін дәлелдейді. Ол тіл мәдениетінің төмендеуін емес, керісінше тілдік көпқырлылық пен мәдени бейімделудің көрінісін білдіреді. Қазіргі қостілді тұлға тілдерді еркін ауыстыру арқылы қарым-қатынастың тиімділігін арттырып, ойды икемді жеткізудің жаңа коммуникативтік үлгісін қалыптастырып отыр.

Қорытынды

Код ауыстыру – екі немесе көптілді қоғамның шынайы тілдік бейнесін көрсететін күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Ол тек тілдердің араласуы ғана емес, адамдардың әлеуметтік рөлі, мәдени тәжірибесі және психологиялық күйімен тығыз байланыста жүзеге асатын табиғи коммуникативтік амал. Зерттеу

барысында код ауыстырудың түрлі деңгейлері мен түрлері анықталып, оның лексикалық, синтаксистік және прагматикалық ерекшеліктері айқындалды.

Сөйлеу барысында матрицалық тіл негізгі құрылымдық жүйені қамтамасыз етсе, екінші тіл сөйлеуге эмоционалдық, экспрессивтік және мәдени реңк үстейтіні белгілі болды. Бұл үдеріс тілдік икемділікті, ойды дәл жеткізу мен қарым-қатынас тиімділігін арттыратын құрал ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар код ауыстыру әлеуметтік жағдайға, қарым-қатынас мақсатына және сөйлеушінің тілдік санасына байланысты түрлі формада көрініс табады. Ол кейде прагматикалық, кейде психолингвистикалық себептермен іске аса отырып, билингв тұлғаның когнитивтік әлеуетін және мәдени көпқырлылығын айқындайды.

Зерттеу нәтижелері код ауыстырудың белгілі бір тілдік заңдылықтарға сүйенетінін және оның коммуникацияда табиғи түрде іске асатын тілдік стратегия болып қалыптасқанын көрсетеді. Қостілді немесе көптілді ортада тіл мәдениеті тек дұрыс сөйлеу дағдысымен шектелмей, мәдени кодтарды сезіну, тілдік әдепті сақтау және коммуникативтік тиімділікті арттыру қабілеттерін қамтиды. Код ауыстыру осы тұрғыда сөйлеушінің мәдени біліктілігі мен тілдік икемінің көрсеткіші болып табылады. Сондықтан код ауыстыруды тіл нормаларының бұзылуы ғана емес, қоғамдағы тілдік және мәдени динамиканы бейнелейтін табиғи құбылыс ретінде де қарастырған жөн. Ол тілдің дамуын шектемейді, керісінше, оның бейімделу әлеуетін арттырып, көпмәдениетті қоғамдағы өзара түсіністік пен сыйластықты нығайтады.

Қорыта айтқанда, код ауыстыру – көптілді қоғамда тілдердің тепе-тең дамуын және мәдениеттердің өзара ықпалдасуын қамтамасыз ететін табиғи механизм. Ол қазіргі коммуникация кеңістігінде тілдердің тірі өзара әрекетінің айғағы әрі тіл дамуының динамикалық көрсеткіші.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын ЖТН АР26105127 «Қазіргі қала тіліндегі белсенді үдерістер: лингвистикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыру» ғылыми жобасы аясында әзірленді.

Әдебиеттер

- Вайнрайх, У. (1972). Одноязычие и многоязычие. В Языковые контакты. Новое в лингвистике. Москва.
- Вайнрайх, У. (2000). Языковые контакты: состояние и проблемы исследования. Благовещенск.
- Wei, L., Shakhputova, Z., Anichshenko, O., Agabekova, Z. (2025). The speech behaviour of Kazakhstani youth in the context of interethnic communication. *Journalism and Media*, 6(1), 2-24.
- Чиршева, Г.Н. (2001). Основы онтобилингвологии: русско-английский материал (Автореферат докторской диссертации). Санкт-Петербург.
- Myers-Scotton, C. (1995). *Social motivation for code-switching: Evidence from Africa*. Clarendon Press.
- Thomason, S. (2001). *Language contact*. Edinburgh University Press.
- Wardhaugh, R. (1998). *An introduction to sociolinguistics* (3rd ed.). Blackwell Publishers; Foreign Language Teaching and Research Press.
- Muysken, P. (2003). *Bilingual speech: A typology of code-mixing*. Cambridge University Press.
- Myers-Scotton, C. (1997). Code-switching. In F. Coulmas (Ed.), *The handbook of sociolinguistics* (P. 217-237). Blackwell Publishers.
- Попова, З.Д., Стернин, И.А. (2004). *Общее языкознание: учебное пособие для университетов* (2-е изд.). Центрально-Черноземное издательство.
- Poplack, S. (2001). Code-switching (linguistic). In N.J. Smelser, P.B. Baltes (Eds.), *International encyclopedia of the social and behavioral sciences* (P. 2062-2065). Elsevier Science. [Electronic Resource]. URL: <http://www.columbia.edu/~rlh2/EncySocSci2001.pdf> (Date of use: 10.07.2025)
- Chernyavskaya, V. E., & Zharkynbekova, S. K. (2024). Code-switching patterns in Kazakh-Russian hybrid language practice: An empirical study. *Training, Language and Culture*, 8(2), 9-19.
- Zharkynbekova, S., & Chernyavskaya, V. (2022). Kazakh-Russian bilingual practice: Code-mixing as a communicative resource. *RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics*, 13(2), 468-482.
- Хурманова, Б.Ж., & Утегенова, А. (2021). Кодовое переключение в устной диалогической речи казахов на материале русского, казахского и английского языков. *Социокультурное пространство России и зарубежья: общество, образование, язык*, 10, 70–82.
- Abu, A., Saurbayev, R., Altynbekova, G., Pogozheva, E., Yerekhanova, F., Agaliyeva, N., & Omarov, N. (2024). Role of code-switching and componential analysis in conflictogeme transfer in English, Russian, and Kazakh media. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 10(3), 230–244. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10321>
- Әбілкасымова, А.Қ., & Ақжігітова, А.Ш. (2023). Транслінгвізм мәселелерін зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. *Филология сериясы*, 4, 200–210.
- Омарбекова, Г.А. (2019). *Тіл және жаһандану*. Fastprint Press.
- Myers-Scotton, C. (1993). *Duelling languages: Grammatical structure in code-switching*. Clarendon Press.
- Myers-Scotton, C. (2002). *Contact linguistics: Bilingual encounters and grammatical outcomes*. Oxford University Press.
- Ferguson, C. (1959). Diglossia. *Word*, 15, 325–340.
- Fishman, J. (1967). Bilingualism with and without diglossia. Diglossia with and without bilingualism. *Journal of Social Issues*, 23(2), 29–38.
- Bloom, J.-P., & Gumperz, J.J. (2000). Social meaning in linguistic structure: Code-switching in Norway. In L. Wei (Ed.), *The bilingualism reader* (pp. 11–136). Routledge.
- Gerard, L., & Scarborough, D. (1989). Language-specific lexical access of homographs by bilinguals. *Journal of Experimental Psychology: Learning, Memory and Cognition*, 15, 305–313.
- MacNamara, J., & Kushnir, S. (1971). Linguistic independence of bilinguals: The input switch. *Journal of Verbal Learning and Verbal Behavior*, 10, 480-487.
- Chen, H., & Ho, C. (1986). Development of Stroop interference in Chinese-English bilinguals. *Journal of Experimental Psychology: Learning, Memory and Cognition*, 12, 397–401. <https://doi.org/10.1037/0278-7393.12.3.397>
- Grainger, J. (1993). Visual word recognition in bilinguals. In R. Schreuder & B. Weltens (Eds.), *The bilingual lexicon: Studies in bilingualism* (Vol. 6, pp. 11–26).
- Li, W. (1998). The “why” and “how” questions in the analysis of conversational code-switching. In P. Auer (Ed.), *Code-switching in conversation: Language, interaction and identity*. Routledge.
- Clyne, M.G. (1967). Transference and triggering: Observations on the language assimilation of postwar German-speaking migrants in Australia. *Martinus Nijhoff*.
- Clyne, M.G. (1987). Constraints on code-switching: How universal are they? *Linguistics*, 25, 739–764.
- Clyne, M.G. (2003). *Dynamics of language contact: English and immigrant languages*. Cambridge University Press.
- Сычева, О.Н. (2005). Кодовое смешение и переключение на английский язык в среде русского социума (Автореферат кандидатской диссертации). Владивосток.
- Spolsky, B. (1998). *Sociolinguistics for Elisheva and Yonatan*. Oxford University Press.
- Никитин, М.В. (1996). *Курс лингвистической семантики*. Научный центр проблем диалога.
- Crystal, D. (2008). *A dictionary of linguistics and phonetics*. Blackwell.
- Li, W. (2000). Dimensions of bilingualism. In L. Wei (Ed.), *The bilingualism reader*. Routledge.
- Scotton, C.M., & Ury, W. (1977). Bilingual strategies: The social function of code-switching. *Linguistics*, 193, 5–20.
- Смайылова, А. (2019). *Қазақ тіліндегі сөз әдебі*. Астана. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті баспасы.

References

- Abilkasymova, A.K., Akzhigitova, A.Sh. (2023). Translingvizm maselelerin zertteudin teoriyalıq metodologiyalıq negizderi [Translingualism is the science of theory, methodology, and teaching methods]. Sh. Ualikhanov atyndagy Kokshetau University Bulletin. Philology Series [Bulletin of Sh. Ualikhanov Kokshetau University. Philology Series], Vol. 4, P. 200-210. (in Kazakh)
- Abu, A., Saurbayev, R., Altynbekova, G., Pogozheva, E., Yerekhanova, F., Agaliyeva, N., Omarov, N. (2024). Role of code-switching and componential analysis in conflictogeme transfer in English, Russian, and Kazakh media. Eurasian Journal of Applied Linguistics, Vol. 10(3), P. 230-244. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10321>
- Bloom, J.-P., Gumperz, J.J. (2000). Social meaning in linguistic structure: code-switching in Norway. In Li W. (ed.) The Bilingualism Reader. L. Routledge, P.11-136.
- Chen, H., Ho, C. (1986). Development of Stroop interference in Chinese-English bilinguals. Journal of Experimental Psychology: Learning, Memory and Cognition, Vol. 12, P. 397-401. <https://doi.org/10.1037/0278-7393.12.3.397>
- Chernyavskaya, V.E., & Zharkynbekova, S.K. (2024). Code-switching patterns in Kazakh-Russian hybrid language practice: An empirical study. Training, Language and Culture, Vol. 8(2), P. 9-19.
- Chirsheva, G.N. (2001). Osnovy ontobilingvologii: russko-angliiskii material. Abstract of Doctoral Dissertation. St. Petersburg. (in Russian)
- Clyne, M.G. (1967). Transference and triggering: Observations on the language assimilation of postwar German-speaking migrants in Australia. The Hague. Martinus Nijhoff.
- Clyne, M.G. (1987). Constraints on code-switching: How universal are they? Linguistics, Vol. 25, P. 739-764.
- Clyne, M. G. (2003). Dynamics of Language Contact: English and Immigrant Languages. Cambridge: Cambridge University Press.
- Crystal, D. (2008). A Dictionary of Linguistics and Phonetics. Oxford: Blackwell.
- Ferguson, C. (1959). Diglossia. Word. Vol. 15, P. 325-340.
- Fishman, J. (1967). Bilingualism with and without diglossia. Diglossia with and without bilingualism. Journal of Social Issues, Vol. 23(2), 29-38.
- Gerard, L., Scarborough, D. (1989). Language-specific lexical access of homographs by bilinguals. Journal of Experimental Psychology: Learning, Memory and Cognition, Vol. 15, P. 305-313.
- Grainger, J. (1993). Visual word recognition in bilinguals. In R. Schreuder & B. Weltens (Eds.). The bilingual lexicon: Studies in bilingualism. Vol. 6, P. 11-26.
- Khurmanova, B.Zh., & Utegenova, A. (2021). Kodovoe pereklyuchenie v ustnoi dialogicheskoi rechi kazakhov na materiale russkogo, kazakhskogo i angliiskogo yazykov [Code switching in Kazakh oral dialogic speech based on the material of Russian, Kazakh and English languages]. Sociocultural Space of Russia and Abroad: Society, Education, Language, Vol. 10, P. 70-82. (in Russian)
- Li, W. (1998). The 'why' and 'how' questions in the analysis of conversational code-switching. In P. Auer (Ed.), Code-Switching in Conversation: Language, Interaction and Identity. London. Routledge.
- Li, W. (2000). Dimensions of bilingualism. In Li Wei (Ed.), The Bilingualism Reader. New York. Routledge.
- MacNamara, J., Kushnir, S. (1971). Linguistic independence of bilinguals: The input switch. Journal of Verbal Learning and Verbal Behavior, Vol. 10, P. 480-487.
- Muysken, P. (2003). Bilingual Speech: A Typology of Code-Mixing. Cambridge: Cambridge University Press.
- Myers-Scotton, C. (1993). Duelling Languages: Grammatical Structure in Code-Switching. Oxford. Clarendon Press.
- Myers-Scotton, C. (1995). Social Motivation for Code-Switching: Evidence from Africa. Oxford. Clarendon Press.
- Myers-Scotton, C. (1997). Code-switching. In F. Coulmas (Ed.). The Handbook of Sociolinguistics. P.217-237. Oxford. Blackwell Publishers.
- Myers-Scotton, C. (2002). Contact Linguistics: Bilingual Encounters and Grammatical Outcomes. Oxford. Oxford University Press.
- Nikitin, M.V. (1996). Kurs lingvisticheskoi semantiki [Course of linguistic semantics]. St. Petersburg. Nauchnyi Tsentr Problem Dialoga. (in Russian)
- Omarbekova, G.A. (2019). Til zhane zhahandanu [Language and Globalization]. Nur-Sultan. Fastprint Press. (in Kazakh)
- Poplack, Sh. (2001). Code-switching (Linguistic). In International encyclopedia of the social and behavioral sciences, ed. Smelser, Neil J. and Baltes, Paul B., 2062-2065. Amsterdam: Elsevier Science. [Electronic Resource]. URL: <http://www.columbia.edu/~rlh2/EncySocSci2001.pdf> (Date of use: 10.07.2025)
- Popova, Z.D., Sternin, I.A. (2004). Obshchee yazykoznanie: uchebnoe posobie dlya universitetov [General Linguistics: a textbook for universities] (2nd ed.). Voronezh. Centralno-Chernozemskoe Izdatelstvo. (in Russian)
- Scotton, C.M., Ury, W. (1977). Bilingual strategies: The social function of code-switching. Linguistics, Vol. 193, P. 5-20.
- Sycheva, O.N. (2005). Kodovoe smeshenie i pereklyuchenie na angliiskii yazyk v srede russkogo sotsiума [Code mixing and switching to English in the environment of Russian society]. Abstract of Candidate Dissertation. Vladivostok. (in Russian)
- Smailova, A. (2019). Qazaq tilindegi soz adebi [Etiquette of Speech in the Kazakh Language]. Astana. L.N. Gumilyov Eurasian National University Press. (in Kazakh)
- Spolsky, B. (1998). Sociolinguistics for Elisheva and Yonatan. Oxford. Oxford University Press.
- Thomason, S. (2001). Language Contact. Edinburgh: Edinburgh University Press.
- Vainraikh, U. (1972). Odnoyazychie i mnogoyazychie [Monolingualism and multilingualism]. In Yazykovye kontakty. Novoe v lingvistike [Language Contacts. New in Linguistics]. Moscow. (in Russian)

Vainraikh, U. (2000). Yazykovye kontakty: Sostoyanie i problemy issledovaniya [Language contacts. Status and problems of the study]. Blagoveshchensk. (in Russian)

Wardhaugh, R. (1998). An Introduction to Sociolinguistics (3rd ed.). Oxford: Blackwell Publishers. Foreign Language Teaching and Research Press.

Wei, L., Shakhputova, Z., Anichshenko, O., Agabekova, Z. (2025). The speech behaviour of Kazakhstani youth in the context of interethnic communication. Journalism and Media. Vol. 6(1), P. 2-24.

Zharkynbekova, S., Chernyavskaya, V. (2022). Kazakh-Russian bilingual practice: Code-mixing as a communicative resource. RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics, Vol. 13(2), P. 468-482.

Авторлар туралы мәлімет:

Ебелекбаева Әйгерім Қайратқызы (корреспондент-автор) – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: aika-0206@mail.ru);

Акимбекова Гүлзира Шардарбековна – филология ғылымдарының кандидаты, Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директорының орынбасары, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: gul_shardarbek@mail.ru);

Садыр Гүлмира Әуесханқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Алматы менеджмент университетінің аға оқытушысы (Қазақстан, Алматы, e-mail: g.sadyr@almau.edu.kz).

Information about the authors:

Yebelekbayeva Aigerim (corresponding author) – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: aika-0206@mail.ru);

Akimbekova Gulzira – Candidate of Philological Sciences, Deputy Director of the Department for Science and Innovation Activities, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: gul_shardarbek@mail.ru);

Sadyr Gulmira – Candidate of Philological Sciences, Senior Language Instructor at Almaty Management University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: g.sadyr@almau.edu.kz).

Сведения об авторах:

Ебелекбаева Әйгерім Қайратқызы (корреспондент-автор) – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: aika-0206@mail.ru).

Акимбекова Гүлзира Шардарбековна – кандидат филологических наук, заместитель директора Департамента по науке и инновационной деятельности, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: gul_shardarbek@mail.ru);

Садыр Гүлмира Әуесханқызы – кандидат филологических наук, старший преподаватель Алматинского университета менеджмента (Алматы, Казахстан, e-mail: g.sadyr@almau.edu.kz).

Келін түсті: 7 қараша 2025 жыл
Қабылданды: 20 желтоқсан 2025 жыл